

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Тана жазуы – мальдив тіліндегі түпнұсқада «*ސަފްހަ*» деп жазылып «дивехи», яғни «мальдив тілі» деген ұғымды береді. Т.ж. – үндіран тілдер тармағының үндіарий тобына кіретін мальдив тілінің жазуы. Т.ж. жазудың абугид және әліпби жүйелеріне негізделген. Бұл протосемит немесе брахми жазуларынан шыққан сирек фонетикалық жазу. Дауыссыз дыбыстар араб және үнді цифрларынан шыкса, дауысты дыбыстар араб жазуының диакритикалық таңбаларынан жасалынған. Мыс., алғашқы 9 таңба араб цифрларынан, келесі 9 таңба жергілікті үнді цифрларының нұсқаларынан қалғандары диакритикалық таңбалар қою арқылы жасалынған. Т.ж. алғаш XVIII ғасырда шыққан. Ол кезде Т.ж. «габули тана» деп аталды. Т.ж. араб жазуы сияқты оңнан солға қарай жазылады.

Таным – қалыптасқан түйсіну, түсіну дағдысы: үн таным – тіл дыбыстарын дұрыс аңғара білу, әдетте төл сөздің дыбыстары ана тілінде тілі шыққан жандарға дәл аңғарылады, ал өзге ұлт өкілдері үшін сөз біртұтас тізбек болып, дыбыстарға бөлінбей естіледі. Біз де таныс емес шеттіл сөздерін құрамындағы дыбыстарға бөле алмаймыз; көз Т. – таныс таңбалардың (әріптердің) дағдылы елесі; қол Т. – әрбір таңбаның (әріптің) әбден қалыптасқан жазылым дағдысы.

Таңба – дыбыстың артикуляциялық анықтамасын айқындайтын белгі: дәйекші Т. – дыбыстың жіңішке әуезін көрсететін белгі (*эн', m'ic', b'em'* т.б.); шартты Т. – дыбыстың артикуляциясын көрсете алмайтын жасанды белгі, шартты таңбаның түрі көп болады; әуен Т. – бүтін сөйлемнің ырғағын көрсететін сызба белгі; фонетикалық Т. – дыбыстың сөйлеу үстіндегі түрленім үлгілерін (созылу, қысқару, өшу, күшею, босау, сегінеу т.б.) көрсететін белгі; фонологиялық Т. – үнді-европа (орыс) тілдеріндегі сөз түрлендіретін дыбыстардың белгісі; сингармологиялық Т. – түрік (қазақ) тілдеріндегі сөз түрлендіретін дыбыстардың белгісі.

Таңғұт жазуы – қазіргі ҚХР солтүстік-батысында өмір сүрген Си Ся таңғұт мемлекетінде өлі таңғұт тілін жазу үшін пайдаланылған Т.ж. жойылып кеткен логографиялық жүйесі. 2007 жылғы жағдай бойынша Т.ж. аллографтарды (вариативті жазуды) есепке алмағанда, 5863 таңбадан тұрған. Таңғұт иероглифтері сырттай қытай жазуына ұқсайды, тіпті кейбір бірдей белгілері де бар, алайда олар өте күрделі (таңбадағы белгілердің ең аз саны – 4, бір иероглифі 6 белгіден тұрады). Қытай каллиграфиясы сияқты Т.ж. төрт стиль бар: жарғылық, курсив, шапшаң жазу және баспа. Бірқатар таңғұт қаріптері қолжетімді, олардың ішіндегі ең толықтырылғаны – Можікуо бағдарламасымен бірге келетін қаріптер (Ли Фанвэннің «Таңғұт-қытай сөздігінен» 6000 таңбаның барлығын қамтиды).

Таңдай дауыссыздары – тілдің таңдайға тиюі арқылы жасалатын дауыссыздар: н, л, к, г және т.б.

Тарих жүйелі емле – баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданылатын емле.

Тасымал – жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлегін келесі жолға асыру амалы.